



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік Университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

социализации создать условия для формирования у детей и подростков базовых ценностей, которые будут способствовать самостоятельному сопротивлению информационным рискам.

Список литературы:

1. Баева Л.В. Экзистенциальные риски информационной эпохи // Информационное общество [Электрон. ресурс]. 2013. № 3. С. 18–28.
2. Furnell S. Jumping security hurdles. Computer Fraud & Security. 2010. № 6. P. 10–14.
3. Livingstone S. et al. In their own words: What bothers children online?// European Journal of Communication. 2014. Т. 29. № 3. С. 271–288.
4. Furnell S. Jumping security hurdles. Computer Fraud & Security. 2010. № 6. P. 10–14.
5. Владимировна Т.В. К социальной природе понятия «информационная безопасность» // Вопросы безопасности [Электрон. ресурс]. 2013. № 4. С. 78–95.

УДК 37.062

САБАҚТАСТЫҚ-ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ КЕПІЛІ

Касенова Норгуль Шакировна,
№24 мектеп-гимназиясы директорының
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Бикеева Балапан Мынжасаровна
№24 мектеп-гимназиясы директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
Серикбаева Роза Назымовна
№24 мектеп-гимназиясы директоры
ғылыми ісі жөніндегі орынбасары
Қостанай қаласы

Аннотация

Білім беру саласындағы сабақтастықты педагогикалық мақсат - міндеттерге, әдіс-тәсілдерге сүйене отырып жүргізу қажеттілігі дәлелденеді. Сабақтастықты жүзеге асыру жолдарының бірі баланың келесі кезеңге өтуіне қолайлы жағдай жасауды қамтамасыз ететіндей педагогикалық қолдау көрсету. **Түйінді сөздер:** білім беру; сабақтастық; педагогикалық қолдау.

Аннотация

Доказывается, что преемственность образования необходимо выстраивать на уровне целей и задач, форм, методов и приемов педагогической деятельности. Одним из путей реализации преемственных связей может служить педагогическое сопровождение, которое обеспечивает адекватные условия для перехода ребенка.

Ключевые слова: образование; преемственность; педагогическое сопровождение.

Abstract

The article proves that it is necessary to build the succession on the level of aims and purposes, forms and methods of pedagogical activity. One of the ways to realize succession can be pedagogical support, which provides adequate conditions for transition.

Keywords: education, succession; pedagogical support.

Қазіргі заман талабына сай білім беру үдерісі де жаңғырды. Дамуды көздеген мектеп қана қоғам сұранысын қанағаттандыра алады. Ал ондай мектептің жұмыс жүйесі жоғары педагогикалық мәдениетті талап ететін білім беру жүйесіне негізделуі тиіс. Бастауыш білім беру жүйесіндегі мәселелерді саралай келе, үздіксіз білім беру үдерісінің басты шарты - сабақтастықты қамтамасыз ету екені анықталды. Білім беру саласындағы сабақтастық пен үздіксіз білім беру ұғымын нақтылайтын болсақ, сабақтастық дегеніміз әртүрлі деңгейде зерттелетін оқу пәні бөліктерінің арасындағы қажетті байланыс пен дұрыс қатынас.

Кезеңдік оқыту жүйесіне осындай көлемді көзқарас педагогиканың бұрыннан бастау алады. Білім берудегі сабақтастық мәселелерін зерттеу тарихын Коменский жұмыстарын талдаудан бастауға болады. Коменский, ол «Ана мектебінен» «академияға» дейінгі мектептердің бірнеше деңгейлерін қамтитын оқыту жүйесін құрды, онда оқушылардың бір сатыдан екінші сатыға ауысуына көп көңіл бөлінеді: «алғашқы екі мектепте бәрі жалпы және қарапайым түрде оқытылады, ал келесіде-толығырақ және нақты, дәл ағаш әр жаңа жыл сайын тамырлар мен бұтақтардың көбеюіне мүмкіндік беретіндіктен, ол күшейіп, көбірек жеміс береді» («Ұлы дидактика», 27-тарау).

Мектепке дейінгі ұйымдар, бастауыш, негізгі, жоғары мектептер арасында барлық тарап бойынша сабақтастық болуы үшін оқытушылар, тәрбиешілер арасында тығыз байланыс орнауы тиіс. Әрқайсысы балаға қойылатын талаптарды жетекшілікке ала отырып, кедергілерді жоюға, оқулықтар мен бағдарламалардағы қайшылықтарды жеңуге, баланың келесі кезеңге қиындықсыз өтуіне жағдай жасауы тиіс.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы бала үшін оның физикалық және психикалық дамуының қиын кезеңінде өте маңызды. Л.С.Выготский атап өткендей, 6-7 жаста «кейбір дағдарыс, өсудің тежелуі пайда болады, ол қайнау немесе қату нүктесін білдіреді, сол кезде жаңа сапалы тамаша кезең басталады» [1, с.247]. Баланың барлық өмірлік бөлсенділігі іс-әрекеттегі озбырлықты, өзара әрекеттесу жағдайларында жанама бағдарлауды қажет ететін мектеп ережелері мен нормаларына бағынады. Сондықтан осы кезеңде баланың жеке басының дамуына ерекше назар аудару керек, бұл бастамашылдықты, тәуелсіздікті, қызығушылықты, шығармашылық өзін-өзі көрсету қабілетін қалыптастыруды, сондай-ақ балаларды жалпыадамзаттық құндылықтармен таныстыруды білдіреді (Т.Н.Доронова, Л.Г.Голубева, Л.Н.Галигузова, Т.И.Гризик, Т.И.Ерофеева, Л.В.Запорожец, В.Т.Кудрявцев, Е.Г.Хайлова).

Қазіргі күні сабақтастыққа байланысты мәселелерді талдау барысында «өзара қарым-қатынас» сөзін жиі қолданамыз. Бұл ең басты шешуші роль атқарады. Өзара қарым-қатынас білім беру мекемесі ішінде, білім беру мекмелері арасында, білім беру мекмелері мен отбасы арасында ұйымдастырылуы тиіс.

Сабақтастық мәселесі білім беру жүйесінде таңсық емес. Л.С.Выготский баланың білімге қадамы мектепке келгенге дейін басталатыны туралы айтқан болатын: «...мектептегі оқыту ешқашан тақыр жерден басталмайды, баланың мектепке келгенге дейінгі даму кезеңіне сүйенеді» [5].

Мектепке дейінгі ұйым мен бастауыш мектепарасындағы сабақтастық үздіксіз білім беру жүйесінде маңызды роль атқарады. Бірақ бұл «мектепке дейінгі білім беру саласының басты мақсаты - мектепке дайындау» деген ұғымды білдірмейді. Өкінішке орай, бүгінде мектепке дейінгі білім беру мазмұнын бірінші сынып бағдарламасының меңгертудің бастапқы кезеңі деп қарастырып, пәндік білім,білік,дағдыға әкеліп тірейді. Бұндай жағдайда мектепке дейінгі бала және кіші мектеп жасындағы бала арасындағы сабақтастық бала бойында жаңа әрекетті, оқу әрекетін жүзеге асыруға қажетті қасиеттің дамуына емес, қазақ тілі, математика, жаратылыстану пәндерін игеруге дайын ба деген сұраққа ғана жауап береді.

Сонымен қатар «баланы мектепке дайындау» жұмысының сұранысқа ие болып отырғаны байқалады. Балабақша қабырғасында жүрген бала бос уақытында қосымша ұйымдарға барып оқиды. Ата-аналар баласын ақылды қыламын деген ой жетегінде өз баласының денсаулығына зиян келтіретінін, оқуға деген қызығушылығынан айыратынын ойламайды. Осы жерде кәсіби тұрғыда ойланатын болсақ, неліктен нақты пәндік білімге көп көңіл бөлінеді, метатанымдық дағды маңызды орын алып тұрған кезде неліктен баланың қиялын, бейнелік қабылдауын дамытуға баса назар аударылмайды деген сұрақтар туындайды. Жауап біреу: баланың жекелеген қабілетін ашуға бағытталған өзара қарым-қатынас жоқ.

Кез келген адам жаңа ортаға сенімсіздікпен аяқ басады. Келесі сатыға өткен бала, әрине, мұғалім тарапынан қойылатын талапты жете түсіне қоймағандықтан, оқу ерекшеліктері мен шарттарымен, ұжымдағы тәртіппен, құндылықтармен таныс болмағандықтан уайымға түседі. Сабақтастық мәселесін шешу барысында жасөспірімдік шаққа өткен 10-11 жастағы балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескеру керек. Бесінші сынып оқушыларының бейімделу кезеңінде мынадай педагогикалық алғышарттар назарда болады: мұғалімнің бастауыш және орта буын сыныптарын оқыту мақсаттары мен жетістіктері туралы білуі; қолданылатын оқыту әдіс-тәсілдері арасында сабақтастық болуы; бейімделу кезеңінде бақылау-бағалау әрекетін ізгілендіру.

Мектепте сабақ барысында бала өмірдің қызықты оқиғаларына араласып, ұжымдық қатынасқа түсуі керек. Ұжымдық танымдық іс-әрекетте басқалардың оның пікіріне құрметпен қарауы маңызды. Педагогпен қарым-қатынастан жағымды әсер алуы тиіс. Себебі әр қол жеткізген жетістіктен өзінің келешектегі жеңістерін көреді.

Мектепте оқу жылы қалай басталатынына қарамастан баланың бейімделу үдерісі үздіксіз жүреді. Бұл үдерістің қаншалықты тиімді болатындығы және бала мен мұғалімге қанша уақыт кететіні туралы сұрақ туындайды. Мектептегі бейімделу кезеңі табиғи үдерісті неғұрлым қарқынды етуге бағытталады және психологиялық-педагогикалық жағдайларды сақтау қажеттілігін айқындайды. Педагогикалық тәжірибе білім беруді дамыту жүйесі аясында сабақтастық мәселесін тек дұрыс жолға қоюға және шешуге болатындығын көрсетеді. Бастауыш мектептен оқушылардың оқытудың екінші сатысына ауысуы зияткерлік және жеке дамуға, белгілі бір білім мен оқу іс-әрекеттерінің қалыптасу деңгейіне, психикалық үдерістің табиғи қалыпта жүруіне, өзін-өзі реттеу қабілетінің даму деңгейіне жоғары талаптар қояды [4].

Дамыта оқыту жүйесінде білім мен дағдыларды игеру қарқыны оның оқушылардың жалпы дамуына қаншалықты ықпал ететіндігімен анықталады. Бірақ, 10-11 жас аралығындағы оқушылардың бұл даму деңгейі бірдей емес: кейбіреулерінде бұл олардың оқуды одан әрі табысты жалғастыруына сәйкес келеді, ал басқаларында ол қажетті деңгейден төмен. Сондықтан, бұл өтпелі кезең тек мектеп

оқушылар арасында ғана емес, сонымен қатар мұғалімдер арасында да туындайтын түрлі қиындықтарға әкеліп соқтырады. Бірінші қиындық-психологиялық. Бастауыш сыныпты аяқтаған оқушы орта мектеп оқушысы бола отырып, бірінші қыркүйек айында мектепке келген бірінші сынып оқушысының күйзелісіне тең келетін күшті психологиялық күйзелісті бастан кешіреді. Психологиялық ауыртпалықты жеңілдету және бірінші сынып оқушысына оқуға деген сүйіспеншілікті ояту үшін не істеу керектігін бәріміз білеміз. Бірақ бесінші сынып оқушыларымен мұндай жұмыс әдетте жүргізілмейді. Өзінің «мұғаліміне, оның жұмыс тәсіліне, оның талаптарына үйренген бастауыш сынып оқушылары орта мектепте көптеген пән мұғалімдерімен кездеседі, олардың талаптары мен жұмыс әдістерінің алуан түрлілігі соншалық, оларға бірден бейімделе алмайды. Бастауыш сынып оқушыларына қайта үйренуіне уақыт керек. Кейде бұл үдеріс бір айдан астам уақытты алуы мүмкін. Пән мұғалімдерінің балалардың психологиялық мәселелерін қарастыруға уақыты жоқ. Ол үшін бұл уақыт жеткіліксіз. Бастауыш сынып мұғалімдері үшін оқушымен психологиялық үйлесімділік мәселесі әрқашан бірінші орынға шығады, өйткені бұл оқытудың сәттілігін қамтамасыз етеді. Бесінші сынып оқушылары өзіндік ойы, пікірі қалыптасқан тұлға болғандықтан орта мектепте бұл үдеріс ұзаққа созылады және оның үстіне ол әрдайым сәтті бола бермейді.

Оқушылардың бір сатыдан екінші сатыға бейімделу үрдісін жеңілдету үшін 4-5-сыныптар арасында келісім арқылы өзара сабаққа қатысуды тәжірибеге алу керек. Бұл не береді? Болашақ пән мұғалімдері жыл бойына әр оқушыны жақсы танып біледі, ал 4-сынып мұғалімдері орта буын мұғалімдерінің сабақ беру әдістемесімен танысады. Ал болашақта алдына келетін осы оқушыларға сабақ жүргізсе нұр үстіне нұр болар еді! Себебі жеке тұлға болып қалыптасу кезеңі баланың қоршаған ортамен байланысқа түсу барысында өзін өзге ортамен біртұтас сезінуімен бағаланады [3].

Сабақты зерттеу арқылы әрқайсысы өз ойларымен бөліседі, болашаққа бағдар жасайды. Бұндай тығыз қарым-қатынастың ең ұтымды тұсы – балалармен танысу! Бастауыш сынып мұғалімі де орта мектеп мұғаліміне баланың жан-жақты қырын ашып көрсетуге мүмкіндік алады.

4-сыныпта жарты жылдық және жылдық бақылау жұмыстары екі буын арасында келісім жасала отырып жасалса бастауыш сынып оқушысының бейімделу кезеңі біршама жеңіл өтер еді. Педагогикалық-психологиялық қолдау арқылы «қиын топтағы» оқушылардың жағымсыз қылықтарының алдын алу жұмыстары тиімді ұйымдастырылады.

Оқушылардың бір сатыдан екінші сатыға өтудегі сабақтастықты қамтамасыз ететін тиімді әдіс-тәсілдерді тексеру нәтижелері кіші мектеп жасындағы балалар мен бесінші сынып оқушыларын оқыту барысындағы ұйымдастырушылық-педагогикалық қателіктер кері байланыстың дұрыс жүргізілмеуінен болғанын көрсетті. Жалпы оқу дағдылары осы екі буын арасында сабақтастықты қамтамасыз ететін негізгі фактор екені анықталды.

Қорытындылай келе, оқытудың барлық кезеңдеріндегі сапалы білім негізі- сабақтастық деп түйіндегіміз келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Выготский Л.С. Педагогическая психология. М.: Педагогика, 1991.
2. Коменский Я. А. Избр. пед. соч.: в 2 т. М., 1982. Педагогика взаимодействия Педагогическое образование в России. 2011. № 1 E-mail: pedobraz@uspu.ru 250
3. Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. - М.: Вече, 2008. - 352 с.
4. Бурменская Г.В. Возрастно-психологическое консультирование. Проблемы психического развития детей. - М.: Прогресс, 2008. - 298 с.
5. Выготский Л.С. Проблема обучения и умственного развития в школьном возрасте // Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1991.С. 382.

УДК 37.08

НЕПРЕРЫВНОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ: СОВРЕМЕННЫЙ АСПЕКТ

Каткенов Кусаин Амангельдинович,

к.пед.н., директор

Костанайский политехнический

высший колледж, г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Өзектілігі мен мақсаты. Бұл мақалада мұғалімнің кәсіби қызметі аясында оның үздіксіз кәсіби даму мәселесі ашылады. Үздіксіз кәсіби даму процесінің өзектілігі педагогикалық білімді, білік пен құзыреттілікті үнемі жаңартумен, педагогтердің мобильді кәсіби дамуының халықаралық стандарттарымен негізделген.

Түйінді сөздер: педагог, үздіксіз кәсіби даму, VUCA әлемі, «softskills» дағдылары.